

УДК 327

ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Елмагамбетова Гулбану Меретбаевна

gulbanu.elmaganbetova.95@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің Халықаралық
қатынастар кафедрасының 1-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Дәлелхан А.

Әлемдік қауымдастықтағы қай ел болмасын белгілі бір интеграциялық бірлестік шеңберінде басқа мемлекеттермен ынтымақтастықта қарым-қатынас жасауды көздейтіні белгілі. Халықаралық қатынастардың белсенді акторларының бірі ретінде Қазақстан Республикасы да бірқатар маңызды халықаралық ұйымдар мен бірлестіктерге мүше болып табылады. Тәуелсіздік алған кезінен бастап Қазақстан әлемдік аренаға өзінің сыртқы саяси бағыттарын, соның ішінде халықаралық интеграциялық бірлестіктермен ынтымақтасуға ашық екендігін көрсеткен болатын. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-на, қаңтарда ЕҚЫҰ-на мүше болуы, сонымен қатар АӨСШК, Еуразиялық интеграция сияқты бірқатар халықаралық маңызды

бастамалардың негізін қалауы соның дәлелі. Осындай бастамалардың сәтті нәтижесі ретінде Еуразиялық экономикалық одағының құрылуын атаса болады.

Ең алғаш еуразиялық интеграция туралы бастама Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылы 29 наурызда Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған дәрісі барысында жасалған болатын. Алғашқы қадам ретінде Кедендік Одақ құрылып, кейін Бірыңғай экономикалық одақ өз жұмысын бастаған болатын. Ал 2015 жылы 1 қаңтардан бастап Беларусь, Қазақстан және Ресей негізін қалаушы мемлекеттер болған Еуразиялық экономикалық одақ құрылады. Сол жылы Армения мен Қырғыз Республикасы одақ мүшесі болады. 2014жылғы 29 мамырдағы Келісімге сай Одақ шеңберінде экономикалық ынтымақтастық саласындағы мәселелер қарастырылып, тауарлар, қызмет, капитал және жұмыс күшінің еркін айналымы қамтамасыз етіледі. Бірлестіктің негізгі мақсаттары: мүше мемлекеттердің экономикасының тұрақты дамуына жағдай жасау; тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру; Одақ шеңберінде тауарлар, қызмет, капитал және еңбек ресурстарының ортақ нарығын құруға талпыну; жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады1.

6 жылдық тарихында ұйым 184,3 млн халқы бар ірі экономикалық бірлестікке айналды. 2019 жылғы есеп бойынша одақтағы жалпы ішкі өнім – 1,9 трлн долларды құраса, үшінші елдермен ЕАЭО тауарларымен сыртқы сауда көлемі 733,1 млрд АҚШ долларды құрап, әлемдік экспорттың 2,8%-ын құрап отыр. Ал минералды тыңайтқыштар өндіру бойынша әлемде 1-орында, сондай-ақ мұнай өндірісі әлемдік өндірістің 14%-ын құрайды2.

Аталмыш одақтың Қазақстан үшін де маңызы зор. 2020жылғы жаһандық пандемия салдарынан өзара сауда көлемінің төмендеуіне қарамастан, одақ мүшелері арасындағы, Қазақстан мен басқа мүше елдер арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды оң бағалауға болады. Ресей Армения, Беларусь және Қазақстанның басты экспорттаушы елі болса, Қазақстанның төртінші импорттаушы мемлекеті болып табылады. Ал Ресей нарығында Қазақстан жетінші импорттаушы болса, экспортында 11-орында3. Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара сауданың үлесі 2019 жылы 32,4%-құраған. Ал жалпы одаққа тасымалданатын тауар саудасындағы Қазақстанның үлесі 10,4%-ды құрап отыр (Ресей мен Беларусьтан кейін үшінші орында). Қырғызстанмен өзара сауда көлемі 2019жылы 4,4%-ға артса, табиғи газ, тас көмір мен мұнай өнімдері тасымалының артуы есебінен Беларусьқа бағытталған экспорт көлемі 1,6%-ға артқан. Ал Қазақстан экспортының 19,1%-ын құрайтын рудалар мен қымбат металдар концентраты, тас көмір сияқты тауарлардың одақ нарығындағы үлесі 40-50%-ды құрап отыр. Экспорттың 31%-ын құрайтын темір концентраты, мыс рудасы мен концентраты, алюминий оксиді мен цинк толықтай дерлік одаққа тасымалданып отыр4. Жалпы алғанда, Ресей, Беларусь, Қырғызстан Қазақстанның одақ ішіндегі басты сауда серіктестері болып отыр. Армения үлесі аса жоғары болмаса да, соңғы жылдары оң көрсеткіштер көрсетуде. Мысалы, 2020жылы Армения Республикасына Қазақстаннан жасалатын экспорт көлемі 2019жылға қарағанда 1,7 есе артқан5. Демек, Қазақстан үшін Еуразиялық экономикалық одақ нарығының маңызы үлкен деуге толықтай негіз бар. Төмендегі диаграммадан одақ мүше мемлекеттерінің өзара сауда көлемінің динамикасын көруге болады. Байқайтынымыздай, 2016жылғы сауда көлемінің сәл төмендегеніне қарамастан, одан кейінгі кезеңдерде бірқалыпты артып отырған. Ал 2020 жылғы сауда көлемінің төмендеуіне жаһандық пандемия әсер етті деп топшылаймыз.

Қазақстан ұйымның басқа мүше мемлекеттеріне минералды тауарлар; химиялық өнеркәсіп саласымен байланысты тауарлар; металл және металл өнімдері; жанармай-энергетикалық тауарлар; жануар және өсімдік өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары; машина, транспорт құралдары, құрал-жабдықтарды экспорттайды. Оның ішінде минералды тауарлардың басым бөлігі Ресейге, Беларусь Республикасына және Қырғызстанға жіберілсе, химиялық тауарлар Ресейге, металл өнімдері Ресей, Беларусь пен Арменияға экспортталады. Қазақстандық азық-түлік тауарларының одақ шеңберіндегі басты тұтынушылары Армения мен Қырғызстан болып отыр, ал жанармайдың басым бөлігі Беларусь пен Қырғызстанға экспортталуда. Ал Қазақстанның басқа мүше елдерден импорттайтын тауарларының басым

бөлігін азық-түлік өнімдері; көлік құралдары, құралдар мен аппараттар, химиялық өнімдер құрайды. Азық-түлік өнімдерінің көп мөлшерін Армения мен Беларусьтан, көлік құралдары мен химиялық тауарлар Ресей мен Беларусьтан және минералды тауарлар Қырғызстаннан тасымалданады. Яғни, одақ елдерінің бір бірімен саудасында ұқсас өнімдердің өзара тасымалы басым болып отыр. ҚР Статистика комитетінің 2019 жылғы мәліметтері бойынша ЕАЭО елдерінің Қазақстанның жалпы импортындағы көлемі 38%-ды құрады⁵. 2019 жылғы Еуразиялық экономикалық комиссияның статистикалық мәліметтерін негізге алсақ, импорттың жартысын құрайтын машина және транспорт құралдарының 10%-ы, текстиль өнімдерінің 7%-ы, металл өнімдерінің 11%-ы осы одақ елдерінен жеткізіледі⁶. Өзара сауда қарым-қатынастарында ұқсас тауарлардың тасымалдануына қарамастан, одақтың мүше елдері Қазақстан нарығында маңызды орынға ие.

Жаңадан қалыптасқан елдің экономикасының дамуына тікелей әсер ететін факторлардың бірі шетелден келетін инвестиция екендігі сөзсіз. Қазақстанның да тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында экономикалық өсімінің драйвері осы шетелдік инвестициялар болды. ҚР Үкіметінің ресми ақпараттық ресурсының мәліметіне сәйкес, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанға әлемнің 120 елінен \$330 млрд инвестиция тартылған⁷. Қазіргі кезде Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде алдыңғы 55 елдің қатарына кіреді. Елдің осындай ыңғайлы экономикалық жағдайы Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен келетін инвестиция көлемінің артуына да әсер етті. Одақтағы басты инвестор мемлекет Ресей инвестициясының басым бөлігі Қазақстанға жасалып отыр. 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы Ресейден келетін инвестиция 34 млн долларға артқан. Қазақстан да өз кезегінде одақ шеңберінде Ресей мен Қырғызстанға инвестиция жасайды.

Ал төмендегі кестеден Қазақстанға одақ елдерінен келетін инвестиция көлемін көруге болады. Кестеге сай, одақ өз жұмысын бастаған кезден бастап Қазақстанға келетін инвестиция көлемі артқандығын аңғаруға болады. Сонымен қатар, Армениядан келетін инвестиция көлемі де соңғы жылдары біршама артқанын көреміз. Яғни, Қазақстан одақтың басқа мүше елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамытуда. Бұл да болса, экономикалық бірлестіктің ел экономикасы үшін маңыздылығын арттырады.

1-кесте. Қазақстанға одақ елдерінен келетін инвестиция көлемі. (Еуразиялық экономикалық комиссия мәліметі негізінде құрастырылды [6]).

Инвесторлар:	2016	2017	2018	2019	2020
Армения	0,3		0,1		2,9
Беларусь	7,1	2,1	0,3	23	
Қырғыз Республикасы			1,6	41	1,8
Ресей	184,6	537,3	616,8	383	417,6

2020 жылы 11 желтоқсанда Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің басшылары Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысында 2025 жылға дейінгі еуразиялық экономикалық интеграцияның негізгі стратегиялық даму бағыттарын қабылдаған болатын. Аталмыш стратегияның іске асуы мүше мемлекеттердің экономикасын инвестициялық және инновациялық белсенділік, ыңғайлы механизмдердің қалыптасу себебінен дамытуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Сонымен қатар, бұл құжатта ЕАЭО Келісімінде қарастырылмаған білім беру, туризм, спорт және денсаулық сақтау сияқты ынтымақтастықтың жаңа механизмдері, салалары қарастырылған. Үшінші елдермен және интеграциялық бірлестіктермен одан әрі экономикалық ынтымақтастықты арттыру да есепке алынған⁸. Демек, ұйымның алдағы уақытта ынтымақтастығы кеңейіп, одан әрі дами түседі деп айтуға негіз бар. Ендеше Қазақстанның да одақ ішіндегі мүмкіндіктері артып, басқа мүше елдермен сауда-экономикалық қатынастары дамып, тауар айналымы түрленуі мүмкіндігін күтуге болады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы үшін Еуразиялық экономикалық одақтың маңызы зор деп айта аламыз. Басқа мүше елдермен жан-жақты белсенді қарым-қатынас орнатуға ұмтылатын Қазақстан өзі де одақтағы маңызды акторлардың бірі екендігіне жоғарыда келтірілген мәліметтер дәлел бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa?lang=ru>
- 2.Еуразиялық экономикалық одақ ұйымының ресми сайты <http://www.eaeunion.org/?lang=kk#about>
- 3.ЕВРАЗИЙСКИЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СОЮЗ: QUO VADIS?, И. В. ПИЛИПЕНКО, Экономическая политика № 1 том 4, январь 2019, 14с
- 4.Доклад «О состоянии взаимной торговли между государствами –членами Евразийского экономического союза в 2019году», Москва 2020, 5-55стр.
- 5.ҚР статистика комитетінің ресми сайты <https://stat.gov.kz/official/industry/31/statistic/5>
- 6.Еуразиялық экономикалық комиссия сайты <http://www.eurasiancommission.org/ru/>
- 7.ҚР Үкіметінің ресми ақпараттық ресурсы <https://www.primeminister.kz/ru/news/reviews/investicii-kak-klyuchevoy-drayver-rosta-kazahstanskoy-ekonomiki-novye-predpriyatiya-peredovye-tehnologii-i-sozdanie-rabochih-mest>